№37
(7931)

20 қыркүйек
Сейсенбі,
2022 жыл

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады

ҚАҢҒЫБАС ИТТЕН ҚАУІП КӨП!

МАҚАЛАМЫЗДЫҢ АТЫ АЙТЫП ТҰРҒАНДАЙ, КӨШЕ КЕЗІП ҚАҢҒЫП ЖҮРГЕН ИТТЕРДІҢ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН ҚАУПІ БАСЫМ. КӨШЕДЕ КӨЗІМІЗ ШАЛАТЫН БҰРАЛҚЫ ИТТЕР БҮГІНГІ КҮННІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛІРІНІҢ БІРІ. СОЛ КӨШЕ КЕЗІП ЖҮРГЕН ИТТЕРДІҢ БӘР БІРДЕЙ ИЕСІЗ ЕМЕС ҚОЙ. БІРАҚ ИТТІ ҰСТАП, КҮТІП-БАПТАУ ҚАҒИДАЛАРЫН ОРЫНДАП ЖАТҚАН АДАМ ЖОҚ. БАЙҚАЙМЫЗ КӨБІСІ БОС ЖІБЕРЕ САЛАДЫ. БОС ЖҮРГЕН ИТТІҢ ОЙЫНА КЕЛГЕНІН ІСТЕЙТІНІ АНЫҚ. КӨШЕ НЕМЕСЕ ДАЛА КЕЗІП КҮЛ-ҚОҚЫСТЫ АРАЛАП КЕТЕДІ.

Иттен жұғатын аурудың бәрі де даладан жабысатыны белгілі. Бос жүрген иттің бірде-біреуі арнайы екпе алымағаны аян. Ал иесіз көше кезіп жүрген «саққұлақтарды» күнделікті тазалап, залалсыздандырып жатқан адам тағы жоқ. Ал, мұндай айналаға қауіпті хайуанды қалай жоямыз? Мәселені қозғамас бұрын сала мамандарымен ақылдасуды жөн көрдік.

Мамандардың айтуынша, бұралқы иттердің санының көбеюіне себеп – тұрғындарының асырап келген жануарларына күтім жасамай, қараусыз басқа орындарға немесе далаға тастап кетулері. Нәтижесінде аш қалған бұралқы иттер топ-тобымен үй жануарлары мен үй құстарына «түсіп», кейде адамдарға да шабуыл жасағандығын құлағымыз шалып жүр.

Елімізде бұралқы иттердің мәселесін шешу үшін былтыр 30 желтоқсанда «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заң шыққан болатын. Ол биыл 2 наурыздан бастап өз күшіне енді. Осы қаулыда қараусыз иттерге жауапкершілікпен қарап, бірден өлтірмей, иесі анықталғанша 2 айға дейін ұстап, бағу көзделген. Сол себепті атуға рұқсат жоқ.

Мамандардың айтуынша Ойыл ауданында иттерді уақытша ұстайтын арнайы жер жасақталмаған. Иттерді нақты қай ұйым аулайтыны да әлі белгісіз. Мемлекеттік тапсырыс бойынша кәсіпкер немесе ветеринарлық ұйымға жүктелуі мүмкін. Бұл мәселе уақыт еншісінде.

Заң бойынша қаңғыбас иттерді азайту, олардың күшіктеуін тоқтату арқылы жүзеге аспақ. Яғни, кастрация жасау жолы бұл мәселенің айқын шешімі болып отыр. Ол үшін оларды өлтірмей, ауруы болса емдеп, еркегін кестіріп, аналығының да күшіктеуін шектеп тастайды. Бұралқы иттер осылайша бірте-бірте азаяды.

Естеріңізге сала кетсек, жаңа заң бойынша бос жүрген иттің иесі жеке тұлға болса — 10 айлық есептік көрсеткіш, лауазымды тұлға болса— 20, заңды тұлға болса 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге тиіс. Егер бір жылдың ішінде осындай тәртіпсіздік қайталанса, айыппұлды екі есе төлеуге тура келеді. Ал итіңіз адамды қауып, тістеп алған жағдайда бұдан да көп шығынданауыңыз әбден мүмкін.

Қазіргі таңда бұл заң аясындағы жұмыстар жан-жақты қызу талқыланып жатыр. Әйтсе де ескеретін жайттар көп. Алдымен иттерді ұстайтын панажай салынуға тиіс. Бұл мәселе бұған дейін де көтерілген. Бірақ түпкілікті шешілу нәтижесі күрделілеу болғандықтан, «жабулы күйінде қалған қазанның» қақпағын жаңа заң қайта ашуға мәжбүрлеп тұр.

Бұған дейін біз заңды орындау жолын ойланып жүргенде, салқын түсе бастағасын дала кезген қаңғыбас иттер топталып, ауыл төңірегіндегі малдарға шауып тұр. Бірнеше оқиға тіркелді.

Тіпті шеткері аймақтардағы аулаға да түсіп тұр. Бұл демек, малға, малды баққан адамға да қауіпті деген сөз. Тіпті топталған иттердің ауылға кіріп, адамға шаппасына да кепілдік жоқ. Күн қысқарып келеді.

Оқушы балалар мектептен қараңғы түскесін шығады.

Басты сұрақ алдағы уақытта бос жүрген иттердің «бостандығын» шектей аламыз ба? Ал, олардың ең кемі тең жартысы күшіктесе, қауіп те екі есеге көбейгелі тұр. Итті аяймыз деп жүргенде адамдардың қауіпсіздігіне кім кепіл болады?

ӘДІЛЕТ ШАБАЙ,
Ойыл селосы.

САҒЫНЫШТЫ САЗДЫ КЕШ ӘН МЕН СЫЙҒА ТОЛЫ БОЛДЫ

Жерлесіміз, әнші, баяншы Ойыл жұртшылығына Мұқан атымен танылған Мұхамбетқали Сатыбаев 70 жасқа толды. Өмірінің 30 жылға жуық уақытын Ойылдың мәдениетін дамытуға арнаған ағамыз 70 жас мерейтойына орай киелі Көкжар жұртшылығына «Жәрмеңкелі Көкжардың түлегімін», - атты жеке шығармашылық ән кешін ұсынды.

Аудандық мәдениет үйін қоңыр үнімен тербеген кешті Мұқан ағамыздың өнерде де, өмірде де үзеңгілес досы, ақын Нұрлыбек Қалауов жүргізді. Айтулы кеште «Мұқанның әндерін сағына келдік», - деген тыңдармандар көп болды. Ойылда 28 жыл мәдениет саласында еңбек еткен Мұқамбетқали Сатыбаев қалаға барып №21 мектеп гимназиясында музыка пәнінің мұғалімі болып, зейнеткерлікке шыққанша үйірме жұмысын жүргізген. 20 жылдың ішінде 683 шәкірт тәрбиелеген. Мектепаралық байқаудың жүлдегерлері 397, мерейтойлық атаулы байқаулардың жеңімпаздары 104, қалалық байқаулардың жеңімпаздары 76, аймақтық байқауларда 38, республикалық байқауларда 19 шәкірті бәйге алған.

Өнердегі шығармашылық жолын 1969 жылы 17 жасында Ойыл деген өнерлі ордадан бастаған. Сол кезде алғаш рет Тұманбай Молдағалиевтің сөзіне жазылған Нұрғиса Тілендиевтің «Әкеме» деген әнін орындаған. Осы кеште де сахна шымылдығын өмірлік темірқазық жұлдызы болған осы әнмен түрді. Мағынасы терең, халықтың жадында мәңгі өлместей сақталып, жүрек тебірентер әндерге сусаған жұртшылық әншіге деген құрметін, ыстық ілтипатын тоқтаусыз соғылған шапалақтарымен жеткізді. Әрі қарай кеш «Ойыл толқыны», «Қаздар қайтқанда», әндерімен жалғасып, қоңыр дауыс пен баян үні тыңдармандарының құлақ құрышын қандырды. «Ойылдың Шульгасы» атанған ұстазының мерейін асырып, шашпауын көтеріп келген шәкірті Медет Оразаев екеуі бірге де, жекелей де бірнеше халық әндерінде тамаша орындады. Шәкіртімен бірге әнді айтқан сайын бабына түскен жүйріктей кешті одан әрі қыздыра түсті.

«Көкжар бойында үлкен мәдениет қалыптасқан. Ол, осы ән мен өнердің мәдениеті. Осы жерде кешегі Мұхит, Ғарифолла мен жәрмеңке тұсында Қызылдың ән мектебі қалыптасты. Көкжардың киелі топырағынан қаншама ақын, әнші, күйші, жыршылар шықты. Бұл біз үшін үлкен мақтаныш», - деп Ойылды өнердің ордасы екенін ақтарыла айтқан ақын ағамыз Нұрлыбек Қалауов жан-жақты мәліметтер беріп, Мұқан Сатыбаевтың өнер жолындағы қызықты сәттері мен жетістіктерін мақтанышпен жеткізді.

Кеш соңында Мұхамбетқали Сатыбаевты мерейлі жасымен құттықтаған аудан әкімі Асқар Қазыбаев қаржылай сый-сыяпатын ұсынып, «Ойыл ауданына 100 жыл» медалін тақты. Сонымен қатар көрермендер қатарынан арнайы ыстық лебіздерін білдіріп, өткен шақтағы қызықты сәттерімен бөліскен ағайын әншіге шапан жауып, шексіз құрмет көрсетті.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

КҮЗГІ ЖИЫМ-ТЕРІМ ҚЫЗУ ЖҮРУДЕ

ҚЫРКҮЙЕК КІРГЕЛІ ШАРУАЛАР КҮЗГІ ЖИЫМ-ТЕРІМ НАУҚАНЫН ҚЫЗУ ЖҮРГІЗУДЕ. ҚЫСҚЫ МАЛ АЗЫҒЫН ӘЗІРЛЕУ, АУЛАЛАРҒА ТАСЫМАЛДАУ ЖҰМЫСТАРЫ МЕЖЕЛІ ІСКЕ АСУДА. КҮЗГІ ДАЛАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ МЕН КҮЗГІ ЖИЫМ-ТЕРІМНІҢ ТҮСІМІ ҚАЛАЙ СЫНДЫ БІРНЕШЕ САУАЛДАР БОЙЫНША ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ АБАТ МҰБАРАКОВПЕН АРНАЙЫ СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК. ЕНДЕШЕ СҰХБАТЫМЫЗДЫ ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНАМЫЗ!

- Армысыз Абат Қаратауұлы! Сұхбатымыздың басында мал азығы мен көктемгі егілген дәннен өнімді қалай алдық деген сауалға толыққанды жауап берсеңіз.

- Биыл көктемде 500 гектар жерге дәнді дақыл, 1800 гектарға мал азығы, соның ішінде 500 гектарға бір жылдық, 1300 гектарға көп жылдық шөп егілді. Көктемгі дән себу науқанына 5 шаруа қожалық, 1 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 1 ауыл шаруашылық өндірістік кооператив қатысты. Биылғы көктем жерге дән себкен шаруалар үшін өте сәтті жыл болды. Жердің ылғалы егілген дәннің мол өнім беруіне үлкен мүмкіндік берді. Нәтижесінде жоғары да аталған жер көлемінен 337 тонна өнім түсті. Нақтылап айтсақ, оның 70 тоннасы арпа, 267 тоннасы тары өнімі. 218,100 тонна мал азығы дайындалып, 198,5 тонна тасылды. Ал, село тұрғындарын қысқы мал азығымен қамту мақсатында шілде айының 23-нен бастап, әр аптаның сенбісінде ауыл шаруашылық шөп жәрмеңкелері ұйымдастырылды. Нәтижесінде 15,600 дана тюк жәрмеңке алаңына шығарылып, тұрғындардың аулаларына түсірілді. Бірақ қысқы мал азығын алуда тұрғындар арасында бейқамдық байқалады. Қыстың қалай болары беймәлім. Сондықтан тұрғындар арасында қысқы мал азығымен қамтылуын қадағалап, түсінік жұмыстарын жүргізіп келеміз.

- Күз кіргелі шаруалар жанар-жағар май тапшылығына тап болғанын естіген едік. Күзгі жауын-шашынның боларын ескерсек, бұл мәселенің шешімі қалай болмақ?

- Сөзіңіздің жаны бар. Күзгі жауын-шашын шаруаларға қол байлау да, жол байлау да болары анық. Сондықтан біз күзгі науқан уақытында шаруалардың қастарында жүріп, жұмыстың жүру барысымен күнбе-күн хабардар болып жүрміз. Қысқы мал азығын дайындауда 734 тонна, көктемгі далалық жұмыстарын жүргізуге 108 тонна жанар-жағар май жұмсалды. Күзгі далалық жұмыстарына 205 тонна жанар-жағар майды қажеттілік етсе, қазір оның 172 тоннасы келісім-шарт негізінде арзандатылған бағамен, яғни литрі 191 теңгеден алынды. Ал, қалған солярканы алуда асығыстық байқалмайды.

- Қазір төрт түліктің де қоң жинап, семіретін уақыты. Тұрғындар малдарын қалаға тірілей тасымалдап жатқанына куә болып жүрміз. Мал етін қабылдау шараларын ауданда ұйымдастыруға болмас па еді?

- Биыл аудан орталығында аудан әкімінің және ауыл шаруашылығы бөлімінің ұйымдастыруымен ет қабылдау пункті ашылды. «Құрылыс-2004» ЖШС-і Ірі қара мен қой етін 1900 теңгеден, жылқының етін 2100 теңгеден қабылдайды. Тапсырылған ет өнімінің қаражаты келісім-шарт негізінде жеке шотына түседі. Одан бөлек алдағы уақытта тері, жүн қабылдау пункттерін ашуды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ қазан айында аудан тұрғындары үшін арнайы ет дүкені ашылатын болады.

- Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан:
Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ЖЫЛҚЫМЫЗ ЖОҒАЛМАСЫН ДЕСЕК: JPS ҚОНДЫРҒЫСЫН ҚОНДЫРАЙЫҚ!

Тұлпар тектес асылдарымыздың бірі Асқар Сүлейменовтің «Басқа халық маймылдан жаралса жаралған шығар, ал біздің қазақ жылқыдан жаралған» - деген сөзі қанатты қағидаға айналып кетті. Осы бір ауыз сөз көзі қарақты адамға қазақтың бүкіл өмірі – ішер асы да, ауырса дәруі де, шөлдесе сусыны, мінер көлігі де жылқы болғанын меңзейді. Бірақ заманалар белесінде, уақыттың дауылында халқымыз жылқының ерге қанат, батырға қолғанат болған қазанат секілді асыл тұқымдарын жоғалтып алды. Асыл текті Қамбар ата түлігі жылқы малының жоғалуы бейбіт елімізде де тоқтар емес.

Технология бір орында тұрмайды, күн сайын көлемді қадаммен алға басады. Сол сияқты заманауи әр жылқыға жеке идентификациялық нөмір енгізетін ерекше құрал да іске қосылды. Халықаралық стан-дартқа сай келетін бұл құрылғы арқылы енгізілген жеке код жылқыны шекарадан өткізгенде немесе даулы мәселелер болғанда шешуші рөл атқарады.

Бүгінде Сарбие ауылында бұл JPS қондырғысын «Бұйра» ЖШС, «Атамекен» шаруа қожалығы және жеке тұрғындар ішінен ішінара адамдар жылқы малына қондырғыларды қондырды. Бірақ алдағы уақытта барлық ауыл тұрғындарын осы құрылғыны қондырып, жылқы малының жоғалмауы, қолды болмауы үшін алды-ала іс-шараларын қолдануға шақырамын.

Алмат НАУРЫЗБАЕВ,
«Сарбие» ауылдық округі әкімі аппараты ММ-нің бас маманы.

Ойыл

5 СҰРАҚТЫҢ ЖАУАБЫ

Мен - жеке кәсіпкермін. Өз қызметкерлерім үшін міндетті зейнетақы жарналарын әрдайым аударып отырамын. Енді оны БЖЗҚ сайтының көмегімен жүргізуге болады деп естідім. Бұл рас па?

- Иә, бұл шындық. Жұмыс берушілерге ыңғайлы болу үшін БЖЗҚ сайтындағы «Жеке кабинет» бөлімінде «Заңды тұлғакабинеті» (https://jurcabinet.enpf.kz/auth)жұмыс істейді. Бұл қызметті ЭЦҚ-сы болған жағдайда, Жеке кәсіпкер мәртебесіне ие жеке тұлғалар, сондай-ақ қол қою құқығы бар бірінші басшылар немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы берген заңды тұлғаларға арналған электрондық цифрлық қолтаңбасы болса, қаржылық құжаттарға қол қою құқығы берілген адамдар пайдалана алады.

«Заңды тұлға кабинеті» жұмыс берушілерге БЖЗҚ-ға жарналардың барлық түрлерін: міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын төлеу бойынша төлем тапсырмаларын қалыптастыруға, редакциялауға және басып шығаруға мүмкіндік береді.

Мұнда БЖЗҚ-ға төлемдерін жіберу қажет қызметкерлердің тізімі берілген, оған түзету (қызметкерлерді тізімнен алып тастау немесе қосу) енгізуге болады. Бұдан басқа, бұл қызмет төлемдер тарихында бұрын қалыптастырылған төлем тапсырмалары бойынша барлық деректерді қарауға мүмкіндік береді.

Өз парақшаңызды сіз компанияңыздың бейіні бойынша ақпаратпен толықтыра аласыз, мысалы, ұйымның мекенжайын, байланыс деректерін (телефон нөмірін) және электрондық пошта мекенжайын қоса аласыз, Е-өтініш порталына өтініш беріп, кері байланыс ала аласыз, сондай-ақ кез келген кезеңде жасалған іс-әрекеттер және енгізілген өзгерістер туралы есепті көре аласыз.

Сондай-ақ, осы қызметтің көмегіне жүгінетін пайдаланушыларда тікелей «Заңды тұлға кабинеті» бетінен нақты сілтеме(реттеуші нормативтік-құқықтық актілерге, жадынамалар мен нұсқаулықтарға, өтініш бланкілеріне сілтемелер) бойынша ақпараттық-анықтамалық базаларына өту мүмкіндігі пайда болды, яғни қажетті ақпаратты іздеу үшін виртуалды кабинеттен шығудың қажеті жоқ.

Мен екінші топтағы мүгедекпін. Мүгедектігім бойынша жәрдемақы аламын. БЖЗҚ-дағы өз жинақтарымнан тағы да төлемдер алғым келеді. Бұл үшін маған не қажет?

Мерзімсіз белгіленген бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары болған кезде белгіленген кесте бойынша міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқылы.

Бұдан басқа, мүгедектігі бар адамдар тобына және мүгедектік белгіленген мерзіміне қарамастан, БЖЗҚ-даерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинақтардан зейнетақы төлемдерін ала алады.

Зейнетақы жинақтарын төлеуге өтінішті БЖЗҚ кеңсесіне жеке өзі немесе сенімді тұлға, сондай-ақ пошта арқылы да беруге болады. Зейнетақы жинақтарын алуға өтінішті enpf.kzсайты арқылы онлайн режимінде берген өте ыңғайлы. Ол үшін өзекті электрондық цифрлық қолтаңбаның болуы қажет, оны daegov.kz порталынан қашықтан алуға болады.

БЖЗҚ алушыда мүгедектіктің бар-жоғын»Азаматтарға арналған үкімет»мемлекеттік корпорациясы» (бұдан әрі-МК)мен БЖЗҚ арасында жасалған келісім шеңберінде веб-сервис арқылы мүгедектерді есепке алу жүйесінің орталықтандырылған деректер банкінен МК арқылы мәліметтер алу жолымен дербес тексереді.

Айта кетейік, БЖЗҚ-да мерзімсіз уақытқа 1-2 топтағы мүгедектігі бар тұлғалар үшін барып қызмет көрсету ұйымдастырылған. Бұл ретте алдын ала кеңес беру, оның ішінде қызметтердіқашықтықтан, бармай-ақалу мүмкіндігін тексеру жүзеге асырылады.

Жақын адамымның қайтыс болуына байланысты оның зейнетақы жинақтарын БЖЗҚ-дан қалай рәсімдеуге болатынын сұрағым келеді?

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31, 32, 33-баптарына сәйкес міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Зейнетақы жинақтарын мұраға қалдыру өсиетнемесе заң бойынша жүзеге асырылады. Өсиет болмаған не ол бүкіл мұраның тағдырын айқындай алмаған кезде, сондай-ақ азаматтық заңдарда белгіленген өзге де жағдайларда заң бойынша мұрагерлік орын алады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 6-бөліміне (Мұрагерлік құқық) сәйкес мұраны алу үшін мұрагер мұраның ашылу орны бойынша нотариусқа немесе заңға сәйкес мұраға құқық туралы куәлік беруге уәкілетті лауазымды адамға мұраны қабылдау не мұраға құқық туралы куәлік беру туралы өтініш жазу арқылықабылдауы тиіс. Мұра ашылған күннен бастап алты ай ішінде, яғни мұра қалдырушы қайтыс болған күннен бастап алты ай ішінде мұра қабылдануы мүмкін.

Аталған мәселелер бойынша рәсімді жеңілдету, сондай – ақ БЖЗҚ мен нотариустар арасындағы өзара іс-қимылды оңтайландыру үшін ҚР Әділет министрлігі, Республикалық нотариаттық палата, «ҰАТ» АҚ және БЖЗҚ арасында «Е-нотариат» бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйесі» мемлекеттік ақпараттық жүйесі мен БЖЗҚ ақпараттық жүйесінің өзара іс-қимылы туралы шарт (бұдан әрі- Шарт) жасалды.

Нотариустар осы Шарт шеңберінде жүзеге асырылған сервис арқылы қайтыс болған адамдардың жеке зейнетақы шоттарындағы (бұдан әрі – ЖЗШ) ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді алу үшін БЖЗҚ-ға онлайн режимінде сұраныстар жолдай алады.

Нотариустан қайтыс болған адамның ЖЗШ-сында бар зейнетақы жинақтары түріндегі мұраға құқық туралы куәлікті алғаннан кейін, мұрагер немесе оның сенім білдірілген адамы БЖЗҚ-ға құжаттар топтамасымен бірге жүгінуі қажет. Құжаттардың толық тізімі мына сілтемеде берілген: https://www.enpf.kz/ru/services/recipient/heir.php

Егер мұрагер құжаттар тізбесін толық көлемде берсе, БЖЗҚ құжаттарды қабылдаған немесе олар БЖЗҚ-ға келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде төлемді жүзеге асырады.

Айта кету керек! Мұраға қалдырылған зейнетақы жинақтарын төлеу тек:

1. БЖЗҚ-ға ұсынылған құжаттар негізінде;

2. басқа жеке немесе заңды тұлғалар емес, БЖЗҚ;

3.мұрагердің өзінің банк шотына, оның ішінде егер зейнетақы төлемдерін алушы кәмелетке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз/әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адам болып табылған жағдайдажүзеге асырылады.

Зейнетақы жинақтарын басқа тұлғаның, тіпті заңды өкілдің (қорғаншының/қамқоршының) немесе сенім білдірілген адамның банк шотына төлеуге жол берілмейді.

Мұрагер не оның сенім білдірілген адамы мұрагерлік құқығы туралы куәлік негізінде БЖЗҚ-дан қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы QR-коды бар ЖЗШ-дан үзінді көшірме түріндегі ақпаратты алуға құқылы, онда БЖЗҚ-ның уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған ЖЗШ-дан үзінді көшірменің электрондық нұсқасына веб-сілтеме қамтылады. Бұл ретте ЖЗШ-дан берілген үзінді көшірменің түпнұсқалығын тексеруге мүмкіндік беретін веб-сілтеме ЖЗШ-дан үзінді көшірме берілген күннен бастап 1 (бір) ай ішінде қолжетімді.

Қазір бірлескен зейнетақы аннуитеті бар екенін естідім. Күйеуім екеуміз зейнетақы жинақтарымызды біріктіргіміз келеді, өйткені менің қаражатым аннуитетке аудару үшін жеткіліксіз. Бізге оны қалай істеуге болады?

Бірлескен аннуитет-бұл «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес ерлі-зайыптылар немесе жақын туыстар болып табылатын екі сақтанушының (сақтандырылушының) зейнетақы аннуитеті шартына қатысуын білдіретін өнім.

Бірлескен аннуитет классикалық зейнетақы аннуитетіне қарағанда зейнетақы жинақтарын біріктіруге және зейнетақы аннуитеті шарты бойынша кірістерді қайта бөлуге мүмкіндік береді.

Бірлескен аннуитеттің мақсаты-зейнетақы аннуитетінің қолжетімділігін қамтамасыз ету. Жақын туыстар, сондай-ақ отбасылық жұптар,егер олардың бірінде зейнетақы аннуитетін сатып алу үшін зейнетақы жинақтары жеткіліксізболып, ал екіншісінде артық қаржы бар болса, онда бірлескен зейнетақы аннуитеті арқылы осы жұптың екі өкілі де өздеріне өмір бойғы төлемдерді қамтамасыз етеді.

Бірлескен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу кезінде ерлі-зайыптының екеуі үшін де сақтандыру төлемдері жеке тіркеледі және сақтандыру төлемдерінің дербес кестесі жасалады.

Ерлі-зайыптылар ай сайынғы сақтандыру төлемдерін өмір бойы, оның ішінде неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған жағдайда да, сақтандыру төлемдерінің кестесінде белгіленген мөлшерде алатын болады, олардың бірлескен мөлшері зейнетақы аннуитеті шартын жасасу күнінде қолданыста болатын ең төмен күнкөріс деңгейінің (ЕТК) 1,4 еселенген мөлшерінен төмен болмауы тиіс.

Ерлі-зайыптылардың біреуі қайтыс болған жағдайда, екіншісі бірлескен зейнетақы аннуитеті шартына (кемінде 0,7 ЕТК) сәйкес кесте бойынша өзінің дербес сақтандыру төлемдерін алуды жалғастыра береді.

Тұрғылықты жерімнің өзгеруіне байланысты мен өзімнің шотымнан үзінді көшірмені пошта арқылы алуды доғардым, зейнетақы шотымның жай-күйі туралы ақпарат алудың тағы қандай тәсілдері бар?

Үзіндікөшірмені пошта конверттері арқылы алу үшін сіз өзіңіздің жаңа мекенжайыңызды БЖЗҚ-ға хабарлауыңыз керек еді, әйтпесе ескі мекенжайға пошта арқылы жіберілген үзіндікөшірме Қорға қайтарылады.

Бұл жағдайда БЖЗҚ, зейнетақы заңнамасына сәйкес, келесі жылға үзінді көшірмені жібермеуге құқылы. Сіздің жағдайыңызда, шамасы, осылай болған болуы керек, бірақ үмітіңізді үзбеңіз. Өзіңіздің жеке зейнетақы шотыңыздан (ЖЗШ) үзінді көшірмені, Сіз, сондай-ақ төмендегі тәсілдер бойынша ала аласыз:

•электрондық тәсілмен:

- БЖЗҚ-ға ұсынылған электрондық пошта арқылы;
- жеке кабинет арқылы;

•БЖЗҚ кеңсесіне өзі келгенде;

•пошта байланысы қызметтері арқылы.

Ақпарат алу тәсілін айқындау немесе өзгерту мақсатында салымшы (алушы) тікелей Қордың кеңсесінде немесе БЖЗҚ сайтында тиісті келісімжасауы қажет. Айта кету керек:

- БЖЗҚ сайтында «Жеке кабинет арқылы» бір ғана әдісті таңдауға болады;
- салымшы (алушы) ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗҚ мен электрондық үкіметтіңсайты жәнемобильді қосымшасы арқылы келісім жасамай-ақ ала алады.

Ең ыңғайлысы, әрине, enpf.kzсайтындағы жеке кабинет немесе БЖЗҚмобильді қосымшасыарқылы ақпарат алу.

Естеріңізге саламыз: қолданыстағы зейнетақы заңнамасына сәйкес, салымшылар (алушылар) Қордың өз міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер туралы БЖЗҚ-ға хабарлауға міндетті.

Мұндай өзгерістерге мыналар жатады:

– «электрондық пошта (e-mail)бойынша» ақпараттандыру тәсілі таңдалған жағдайда, электрондық мекенжайдың өзгеруі;

- егер зейнетақы жинақтары туралы «пошта арқылы» хабарлау тәсілітаңдалған жағдайда, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта көрсетілген пошталық мекенжайдың өзгеруі.

БЖЗҚ жұмыс берушілер үшін жаңа операцияны енгізді

Зейнетақы қызметтерін ұсынуды жақсарту мақсатында БЖЗҚ «Заңды тұлғаның кабинеті» деген жаңа жобаны іске қосты, бұл жоба жұмыс берушіге қызметкерлердің зейнетақы аударымдарын оңай әрі жеңіл аударуға мүмкіндік береді.

Бұл сервис салық агенттері болып табылатын жұмыс берушілерге арналған, олардың міндеттеріне қызметкерлердің зейнетақы жарналарын аудару кіреді және сервис міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын төлеу бойынша төлем тапсырмаларын құруға, редакциялауға және баспаға жіберуге мүмкіндік береді.

Аталған сервистің аясында редакциялау (қызметкерлерді алып тастау және қосу) мүмкіндігімен бірге БЖЗҚ-ға төлемдері жіберілуі тиіс қызметкерлердің тізімін көруге болады. Бұдан бөлек, сервис төлемдер тарихынан бұрын құрылған төлем тапсырмалары бойынша барлық деректерді көруге мүмкіндік береді.

Заңды тұлғаның кабинетіне кіру рұқсаты қол қоюға құқығы бар бірінші басшыға немесе заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы берген электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде ғана қаржылық құжаттарға қол қою құқығы берілген тұлғаға берілген.

БЖЗҚ мамандары 2022 жылдың 18 наурызында онлайн форматта «Заңды тұлғаның кабинеті. Бизнес иелері үшін БЖЗҚ онлайн-сервисі» тақырыбында өтетін «Ашық есік күнінде» жаңа сервистің қалай жұмыс істейтіні жөнінде айтып беретін болады.Кездесуге Қор салымшыларының барлық санаттары, ең алдымен ұйымдар мен кәсіпорындардың басшылары, жеке кәсіпкерлер, шағын және орта бизнестің қатысушылары шақырылады.

Іс-шараны өткізу барысында enpf.kz сайтында заңды тұлғалардың кабинетінде «БЖЗҚ» АҚ электрондық сервистерін пайдалану алгоритмі көрсетілетін болады.

Қордың жауапты қызметкерлері тұрақты жарналар арқылы зейнетақы капиталын қалыптастыру қажеттілігі туралы және бұл үдерістегі қызметкердің, сол секілді жұмыс берушінің рөлі туралы айтып береді, сондай-ақ салымшыларды қызықтыратын басқа да мәселелер бойынша жеке кеңес береді.

Іс-шараға қатысу үшін әрбір қатысушы сілтеме бойынша өтуі қажет (сілтемені әрбір филиалға жеке жазу керек). Содан кейін event-кеңес нөмірін енгізу: (филиалдың өзі жазады) және event-кеңес паролін енгізу: (филиалдың өзі жазады) қажет.

«БЖЗҚ» АҚ Баспасөз орталығы

ЕНПФ ввел новую операцию для работодателей

В целях улучшения предоставления пенсионных услуг ЕНПФ запустил новый проект «Кабинет юридического лица», который позволит облегчить и упростить работодателю перевод пенсионных отчислений сотрудников.

Данный сервис предназначен для работодателей, являющихся налоговыми агентами, в обязанности которых входит перечисление пенсионных взносов работников и позволяет формировать, редактировать и отправлять на печать платежные поручения по оплате обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов и добровольных пенсионных взносов.

В рамках данного сервиса можно увидеть список работников, по которым необходимо направить платежи в ЕНПФ, с возможностью редактирования (удаления и добавления работников). Кроме того, сервис позволяет просмотреть в истории платежей все данные по ранее сформированным платежным поручениям.

Доступ к кабинету юридического лица предоставлен первому руководителю, имеющему право подписи или лицу, наделенному правом подписи финансовых документов только при наличии электронной цифровой подписи для юридических лиц, выданной Национальным удостоверяющим центром Республики Казахстан.

О том, как работает новый сервис специалисты ЕНПФ расскажут в «День открытых дверей» на тему «Кабинет юридического лица. Онлайн-сервис ЕНПФ для собственников бизнеса», который пройдет 18 марта 2022 года в онлайн-формате.

К встрече приглашаются все категории вкладчиков Фонда, прежде всего, руководители организаций и предприятий, индивидуальные предприниматели, участники малого и среднего бизнеса.

Во время мероприятия будет продемонстрирован алгоритм использования электронных сервисов АО «ЕНПФ» в кабинете для юридических лиц на сайте enpf.kz. Ответственные работники Фонда расскажут о необходимости формирования пенсионного капитала посредством регулярных взносов и о роли в этом процессе как работника, так и работодателя, а также предоставят индивидуальную консультацию по другим интересующим вкладчиков вопросам.

Для принятия участия в мероприятии каждому участнику необходимо перейти по ссылке (вписать ссылку каждому филиалу отдельно). После этого необходимо ввести номер event-совещания: (вписывает сам филиал) и пароль event-совещания: (вписывает сам филиал)

Пресс центр АО «ЕНПФ»

ОТВЕТ 5 ВОПРОСОВ

Я - индивидуальный предприниматель. Каждый раз отчисляю за своих сотрудников обязательные пенсионные взносы. Слышал, что теперь эту процедуру провести с помощью сайта ЕНПФ. Так ли это?

- Да, это верно. В целях удобства для работодателей на сайте ЕНПФ в разделе «Личный кабинет» функционирует «Кабинет юридического лица» https://jurcabinet.enpf.kz/auth. Данным сервисом могут пользоваться физические лица со статусом индивидуального предпринимателя при наличии у них ЭЦП, а также первые руководители, имеющие право подписи, или лица, наделенные правом подписи финансовых документов, при наличии электронной цифровой подписи для юридических лиц, выданной Национальным удостоверяющим центром Республики Казахстан.

«Кабинет юридического лица» позволяет работодателям формировать, редактировать и отправлять на печать платежные поручения по оплате всех видов взносов в ЕНПФ: обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов и добровольных пенсионных взносов.

Здесь можно увидеть список работников, по которым необходимо направить платежи в ЕНПФ, с возможностью редактирования (удаления и добавления работников). Кроме того, сервис позволяет просмотреть в истории платежей все данные по ранее сформированным платежным поручениям.

Свою страничку вы можете дополнить информацией по профилю вашей компании, например, добавить адрес организации, контактные данные (номер телефона) и адрес электронной почты, подать обращение на портал Е-отініш и получить обратную связь, а также увидеть отчет о совершенных действиях и внесенных изменениях за любой период.

Также у пользователей сервиса появилась возможность прямо со странички «Кабинет юридического лица» по прямой ссылке перейти в информационно-справочные базы (ссылки на регулирующие нормативно-правовые акты, памятки и инструкции, бланки заявлений), то есть, нет необходимости покидать Кабинет для поиска необходимой информации.

Я являюсь инвалидом второй группы. Получаю пособие по инвалидности. Хотел бы получать еще выплаты из своих накоплений в ЕНПФ. Что для этого мне необходимо?

Лица, имеющие инвалидность первой и второй групп, установленные бессрочно, при наличии пенсионных накоплений в ЕНПФ, вправе получать пенсионные выплаты за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ) и обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) по установленному графику.

Кроме того, лица, имеющие инвалидность, независимо от группы и срока установления инвалидности, могут получать пенсионные выплаты из ЕНПФ из накоплений, сформированных за счет добровольных пенсионных взносов.

Подать заявление на выплату пенсионных накоплений можно как обратившись в офис ЕНПФ лично или через поверенное лицо, так и по почте. Удобнее всего подать заявление на получение пенсионных накоплений через сайт enpf.kz в режиме онлайн. Для этого необходимо наличие актуальной электронной цифровой подписи, получить которую можно также дистанционно на портале egov.kz.

ЕНПФ самостоятельно проверяет наличие инвалидности у получателя путем получения сведений из централизованного банка данных системы учета инвалидов через «Государственную корпорацию «Правительство для граждан» (далее - ГК) в рамках соглашения, заключенного между ГК и ЕНПФ, посредством веб-сервиса.

Отметим, что в ЕНПФ организовано выездное обслуживание для лиц, имеющих инвалидность 1-2 группы бессрочно. При этом осуществляется предварительная консультация, в том числе проверка на возможность получения услуг дистанционно, без выезда.

В связи со смертью близкого мне человека, хотел бы спросить, как я могу оформить в наследство его пенсионные накопления из ЕНПФ?

В соответствии со статьями 31, 32, 33 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» в случае смерти лица, имеющего пенсионные накопления за счет обязательных, обязательных профессиональных и добровольных пенсионных взносов, они наследуются в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Наследование пенсионных накоплений осуществляется по завещанию или по закону. Когда завещание отсутствует либо определяет судьбу не всего наследства, а также в иных случаях, установленных гражданским законодательством, имеет место наследование по закону.

Согласно разделу 6 (Наследственное право) Гражданского кодекса Республики Казахстан для приобретения наследства наследник должен его принять путем подачи по месту открытия наследства нотариусу или уполномоченному в соответствии с законом на выдачу свидетельства о праве на наследство должностному лицу заявления о принятии наследства либо заявления о выдаче свидетельства о праве на наследство. Наследство может быть принято в течение шести месяцев со дня открытия наследства, т.е. в течение шести месяцев со дня смерти наследодателя.

Для упрощения процедуры, а также оптимизации взаимодействия между ЕНПФ и нотариусами по данным вопросам между Министерством юстиции РК, Республиканской нотариальной палатой, АО «НИТ» и ЕНПФ заключен Договор о взаимодействии государственной информационной системы «Единая нотариальная информационная система «Е-нотариат» и информационной системы ЕНПФ (далее – Договор).

В рамках Договора нотариусы посредством реализованного сервиса могут направлять в режиме онлайн запросы в ЕНПФ для получения сведений об остатках и о движениях денег на индивидуальных пенсионных счетах (далее – ИПС) умерших лиц, без направления письменных запросов.

После получения у нотариуса свидетельства о праве на наследство в виде пенсионных накоплений, имеющихся на ИПС умершего лица, наследнику или его доверенному лицу необходимо обратиться с пакетом документов в ЕНПФ. Полный перечень документов представлен здесь: https://www.enpf.kz/ru/services/recipient/heir.php

Если перечень документов наследником предоставлен в полном объеме, ЕНПФ осуществляет выплату в течение 10 рабочих дней со дня приема либо поступления в ЕНПФ документов.

Важно отметить! Выплата наследуемых пенсионных накоплений осуществляется исключительно:

1.на основании поданных в ЕНПФ документов;

2.ЕНПФ, а не другими физическими или юридическими лицами;

3.на банковский счет самого наследника, в том числе в случае, если получателем пенсионных выплат является несовершеннолетнее или недееспособное/ограниченно дееспособное совершеннолетнее лицо. Выплата пенсионных накоплений на банковский счет другого лица, даже законного представителя (опекуна/попечителя) или поверенного не допускается.

Наследник либо его доверенное лицо, в том числе на основании свидетельства о праве на наследство, вправе получить в ЕНПФ информацию о состоянии пенсионных накоплений умершего лица в виде выписки с ИПС с QR-кодом, который содержит веб-ссылку на электронный вариант выписки с ИПС, удостоверенный электронной цифровой подписью уполномоченного лица ЕНПФ. При этом веб-ссылка для проверки подлинности представленной выписки с ИПС доступна в течение 1 (одного) месяца со дня выдачи выписки с ИПС.Слышала, что сейчас существует совместный пенсионной аннуитет. Мы с мужем хотели бы объединить свои пенсионные накопления, так как у меня недостаточно средств для перевода в аннуитет. Как мы это можем сделать?Совместный аннуитет – это продукт, подразумевающий участие в договоре пенсионного аннуитета двух страхователей (застрахованных), являющихся супругами или близкими родственниками в соответствии с Кодексом Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье».

Совместный аннуитет в отличие от классического пенсионного аннуитета позволит объединить пенсионные накопления и перераспределить доходы по договору пенсионного аннуитета.

Цель совместного аннуитета - обеспечение доступности пенсионного аннуитета.Близкие родственники, а также семейные пары могут воспользоваться данным продуктом, если у одного супруга недостаточно пенсионных накоплений для покупки пенсионного аннуитета, а у второго имеется излишек, то посредством совместного пенсионного аннуитета оба супруга обеспечат себе пожизненные выплаты.

При заключении совместного договора пенсионного аннуитета для каждого супруга страховые выплаты фиксируются по отдельности и составляется персональный график страховых выплат.

Супруги будут получать пожизненно ежемесячные страховые выплаты, в том числе в случае расторжения брака (супружества) в размере, установленном графиком страховых выплат, совместный размер которых не может быть ниже 1,4-кратного размера прожиточного минимума (ПМ), действующего на дату заключения договора пенсионного аннуитета.

В случае смерти одного из супругов второй продолжит получать свои персональные страховые выплаты по графику согласно совместному договору пенсионного аннуитета (не менее 0,7 ПМ).

В связи с переменой места жительства, я перестал получать выписку со своего счета по почте, какие еще есть способы получения информации о состоянии моего пенсионного счета?

Для того, чтобы и далее получать выписку посредством почтовых конвертов, Вы должны были сообщить свой новый адрес в ЕНПФ, иначе выписка, направленная Вам по почте на старый адрес, возвращается в фонд. В этом случае ЕНПФ имеет право, согласно пенсионному законодательству, на следующий год выписку не отправлять, что, видимо, и произошло в случае с Вами, но не стоит отчаиваться. Получить выписку со своего индивидуального пенсионного счета (ИПС) Вы также можете следующими способами:

•электронным способом:

- через электронную почту на адрес, представленный в ЕНПФ;
- через личный кабинет;

•при личном обращении в офис ЕНПФ;

•через услуги почтовой связи.

В целях определения или изменения способа получения информации вкладчику (получателю) необходимо заключить соответствующее соглашение непосредственно в офисе Фонда либо на сайте ЕНПФ. Следует отметить, что:

-на сайте ЕНПФ возможен выбор только одного способа - «посредством личного кабинета»;

-вкладчик (получатель), используя ЭЦП, может получить информацию о состоянии пенсионных накоплений через сайт и мобильное приложение ЕНПФ и электронного правительства без заключения соглашения.

Удобнее всего, конечно же, получать информацию через личный кабинет на сайте enpf.kz или в мобильном приложении БЖЗҚ/ЕНПФ.

Напоминаем: согласно действующему пенсионному законодательству, вкладчики (получатели) обязаны сообщать в ЕНПФ обо всех изменениях, влияющих на выполнение фондом своих обязательств.

К таким изменениям относятся:

- изменение электронного адреса, в случае, если выбран способ информирования «по электронной почте (e–mail)»;
- изменение почтового адреса, указанного в договоре о пенсионном обеспечении, в случае, если выбран способ информирования о пенсионных накоплениях «по почте».

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Ойыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес, учаскелік сайлау комиссияларының мүшелігінен шығып қалған бос орындарға сайлау үдерісінің басталуы туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2022 жылдың 19қыркүйектен бастап 3қазанға дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;

2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;

3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Сайлау туралы Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы керек.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы,мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2022 жылдың 3қазанға дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 08:00 ден 18:00-гедейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12.00-дан 14:00-ге дейін.

Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй.

Жауапты тұлға - Досов Мыңжасар Кемалханұлы, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-702-278-46-99 электрондық пошта: maslixat.uil@mail.ru

САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

Учаскелік сайлау комиссиясының номері	Комиссия құрамындағы бос орын саны
№408	1

ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

Уилский районный маслихат в соответствии с пунктом 3 статьи 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» объявляет о начале избирательного процесса на вакантные места, выбывшие из членов участковых избирательных комиссий.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия представлений политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и вышестоящей избирательной комиссии.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 19сентября до3октября 2022 года представляют в маслихат следующие документы:

1) сведения о кандидатурах в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;

2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующей избирательной комиссии;

3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

4)заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Конституционного закона о выборах, более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга). Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием представлений по составу избирательных комиссий осуществляется до 3октября 2022 года с понедельника по пятницу с 08:00 до 18:00 часов, перерыв с 12:00 до 14:00 часов.

Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата: Уилский район, село Уил, ул.Курмангазина 43.

Ответственное лицо - ДосовМынжасарКемалханулы, междугородний телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 87022784699, электронная почта: maslixat.uil@mail.ru

ВАКАНСИИ ПО ИЗБИРАТЕЛЬНЫМ КОМИССИЯМ:

Номер участковых избирательных комиссии	Число вакантных мест
№408	1

ТАЗАЛЫҚ – БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ!

Топырақты санитарлық қорғау, атмосфералық ауаны қорғаудың алғы шарттарының бірі. Жер қыртыстарының беті инфекциялық, паразитарлық, соматикалық аурулардың таралуына үлкен роль атқарады. Инфекциялық аурулардың қоздырғыштары (күйдіргі, сіреспе т.б.) топырақта ұзақ уақыт сақталады. Адамдардың инфекциялық аурулармен ауруы осы вирустардың қоздырғыштарымен ластанған жерлерде жұмыс жасаған уақытта, қатынасқа түскенде жұқтырылуы мүмкін. Лас жерлерде ауру тасымалдаушы кеміргіштердің көбейіп, жұқпалы ауруларды тасымалдауына әкеп соқтырады.

Сондықтан бүгінгі күні таза ауыл мәдениетін қалыптастыруға, көктемгі-күзгі өткізілетін тазалық айлықтарына қатысуға шақырамыз.

Бүгінгі таңда аудан аумағында орналасқан 21 елді мекенде, ауылдардан 1,5-2 км қашықтықта орналасқан бейімделген қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарына, жиналған қалдықтарыңызды уақытылы жол-жөнекей шашпай шығаруларыңызды сұраймыз. Қоғамдық орындарды ластағаны үшін, оның ішінде белгіленбеген орындарда қалдықтарды тастағаны (төккені) үшін ҚР әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінде әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Тазалық – денсаулық кепілі демекші, тазалық бар жерде әрқашан жайлы өмір қатар жүреді. Қоршаған ортаның тазалығы да адам өміріне әсер етеді. Таза ортаның табиғаты да, ауасы да адам жанына жылулық ұялатады. Сондықтан да бақытты өмір сүргіңіз келсе, деніңіз сау болсын десеңіз, әрдайым тазалық сақтап, әрқашан қоршаған ортаны таза ұстауға шақырамын.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

«САУАТТЫ ЖАРНАМА – ТІЛ АБЫРОЙЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1.Жалпы ережелер

1.Осы Ереже «Сауатты жарнама – тіл абыройы» республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу қағидаларын анықтайды, байқауға қатысу және жеңімпаздарды анықтау тәртібін белгілейді.

2.Байқаудың мақсаты: ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ету, мемлекеттік тілдегі жарнама мәтінін сауатты ресімдеу жолдарын насихаттау, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі – Тіл туралы заң) талаптарының орындалуын қадағалау жұмыстарына атсалысып, белсенділік танытып жүрген азаматтарға қолдау көрсету, ынталандыру.

Байқаудың міндеттері:

1) республика (облыстық, республикалық маңызы бар қалалар) аумағында, БАҚ-та (радио (аудиожарнама), телеарна (бейнежарнама), баспа) және әлеуметтік желілерде жарияланатын республиканың квазимемлекеттік секторының, кәсіпкерлік (шағын және орта бизнес) субъектілерінің (облыстық, қалалық филиалдары) жарнама мәтінін әзірлейтін копирайтерлері мен мемлекеттік тілге аударма жасайтын мамандарын ынталандыру;

2) республика аумақтарында Тіл туралы заң талаптарына сәйкес келмейтін жарнама мәтіндерін түзету жұмыстарына атсалысып жүрген жеке азаматтарды дәріптеу, ынталандыру.

2.Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тіл саясаты комитеті (бұдан әрі – Комитет) Байқаудың ұйымдастырушысы болып табылады.

2. Байқау жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен өткізіледі.

3. Байқау аясында қоғаммен, квазимемлекеттік сектор, жергілікті жерлердегі кәсіпкерлік (шағын және орта бизнес) субъектілерімен байланыс орнатылады.

4. Байқауды өткізу туралы хабарландыру өткізілетін жылдың бірінші жартыжылдығында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және ұйымдастырушы органның, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына орналастырылады.

3.Байқауға қойылатын талаптар

1. Жергілікті атқарушы органдар:

1) БАҚ-та, әлеуметтік желілерде Байқау туралы хабарландыруларды айына екі рет (маусым-тамыз аралығы) жариялауға және Тіл саясаты комитеті, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО тарапынан жарияланған Байқау туралы жариялымдарды таратуға қолдау көрсету;

2) Байқау талаптарына сәйкес заңды мекемелердің жарнама мәтіндерін әзірлейтін копирайтерлерін, мемлекеттік тілге аударма жасайтын мамандардыжәне жеке тұлғаларды ұсыну;

3) Байқауға қатысушылар туралы мәліметтерді (қатысушының жеке куәлігі, копирайтерлер үшін: жұмыс орнынан анықтама) ұсыну қажет;

2.Байқауға қатысушылар:

заңды мекемелердің жарнама мәтінін әзірлейтін копирайтерлері және мемлекеттік тілге аударма жасайтын мамандары үшін (келісімшарт бойынша және т.б.)

1)соңғы 3 жыл ішінде әзірлеген және аударған жарнама мәтіндерінің тізбесін жолдауы керек;

2)қазақ тілінде әзірлеген және қазақ тіліне аударған жарнама, бейнежарнама, аудиожарнама мәтіндерінің жарияланған орындарын дәлелдейтін құжаттарды (БАҚ беттеріндегі жарнамалар, телеарна мен радио атауы, фотосурет, баннер, билборд, сілтеме, скриншот, келісілген жарнама үлгілері және т.б.) жолдауы керек.

жеке азаматтар үшін

Жарнама мәтіндері бойынша

1)тиісті (жергілікті) органдар арқылы жарнама мәтіндерінің сауатты жазылуынқадағалау, тіл нормасы бұзылып ресімделген жарнамаларды және стильдік қатемен берілген аудио/ бейнежарнамаларды анықтап, түзету жұмыстарына атсалысуы қажет;

2)Байқау өткізілетін жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында Тіл туралы заңның талаптарына сәйкестендірілген жарнама материалдарын жинақтап,жолдауы қажет (жарнама мәтінінің түзетілгенін растайтын дейін/кейін фотоесеп, ресми құжаттар, таратпа материалдар және басқа да құжаттар);

3)әлеуметтік желілерде жарияланған сауатсыз немесе қазақ тіліндегі аудармасы мазмұнына сәйкес келмейтін жарнамаларға ұтымды пікір қалдыру (комментарий), ой салу, жөндеуге үлес қосуы қажет;

4)қалдырылған пікірге қатысты жарнама беруші жауап қайтарған жағдайда скриншот немесе сілтемесін ұсынуы қажет.

Бейнежарнамалар бойынша

5)жыл бойы стильдік қатемен берілген бейнежарнамаларды (телеарналар арқылы) анықтап, тізбесін (жарнама мәтіні, телеарна атауы, берілген мерзімі)жолдау керек;

Аудиожарнамалар бойынша

6)жыл бойы стильдік қатемен берілген аудиожарнамаларды (радио арқылы) анықтап, тізбесін (жарнама мәтіні, радио атауы, берілген мерзімі) жолдау керек.

Байқауға қатысушылар жинақтаған материалдарын жергілікті органдардың тіл саясатын жүргізуші құрылымдық бөлімшелеріне ағымдағы жылғы 30 қыркүйекке дейін өткізуі қажет.

4.Байқаудың қазылар алқасы

1. Қазылар алқасының құрамын Тіл саясаты комитеті анықтайды.

2. Қазылар алқасының құрамыфилолог ғалымдар, білікті заңгерлер, қоғам қайраткерлері, журналистердентұрады. Сандық құрамы бес адамнан аспауы тиіс.

3. Байқауға қатысушылардың жинақтаған материалдарымен танысады,шешім шығарады.

4. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері қазылар алқасының дауыс беруі арқылы анықталады.

5. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері арнайы дипломдар, алғысхаттар және қаржылай сыйлықтармен марапатталады.

6. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері туралы ақпарат Байқау өткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және ұйымдастырушы органның, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына орналастырылады.

5. Күтілетін нәтиже

Байқауды өткізу мемлекеттік тілдің мәртебесін көтереді, азаматтық институттардың жауапкершілігін арттырады, халықтың тіл саясатын іске асыруға белсенділігін күшейтеді. Әрбір адам азаматтық парызын абыроймен атқаруға, патриоттық сезімдерін өздігінен дамытуға қадам жасайды.

Мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі», 15-кіреберіс, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тіл саясаты комитеті.

Байланыс телефондары: 8 (7172) 741101, 740501, 740510, 8(701)5167022.

ТҰМАУ - ЖҰҚПАЛЫ АУРУ

Тұмау - жедел маусымдық вирустық ауру. Вирустар 3 түрге бөлінеді: А, В және С. Әрқайсысының өз штаммдары бар. Тұмау эпидемиясы жыл сайын, әдетте суық мезгілде болады және әлем халқының 15% -ына әсер етеді. Тұмау мен ЖРВИ әлемдегі барлық аурулардың 95% құрайды. Инфекцияның ең көп таралған жолы - ауа тамшылары арқылы. Тұрмыстық берілу жолы да мүмкін - мысалы тұрмыстық заттар арқылы да инфекция жұғады.

ЖРВИ белгілері:

1. Ауру біртіндеп пайда болады және көбінесе шаршау мен вирустың сыртқы көрінісінен басталады;

2. Ауру белсендірілгеннен кейінгі күні құрғақ жөтел пайда болады, ол уақыт өте келе ылғалға айналады (қақырық).

Тұмау белгілері:

1. Тұмау күтпеген жерден пайда болады және бірнеше сағат ішінде сіздің ағзаңызды толығымен жұқтырады;

2. Тұмау дене қызуының күрт көтерілуімен сипатталады (кейбір жағдайларда 40,5 градусқа дейін), жарыққа сезімталдықтың жоғарылауы, бүкіл денеде ауырсыну, сондай-ақ бас және бұлшық ет;

3. Тұмаудың алғашқы күнінде мұрнынан су ақпайды, бұл тек осы вирусқа тән;

4. Тұмаудың ең белсенді кезеңі аурудың үшінші немесе бесінші күнінде пайда болады, ал 8-10 күндерінде толығымен жойылады.

Тұмаудың алдын-алу спецификалық және спецификалық емес шараларға бөлінеді. Профилактиканың спецификалық әдістеріне сырқаттанушылық басталғанға дейін әртүрлі вакциналарды пайдалану - вакцинопрофилактика жатады. Вакцинация тұмаудың ауыр асқынуларынан қорғайды, оған пневмония, бронхит, синусит, отит, энцефалопатия, бронх демікпесі және т.б. жатады. Тұмауға қарсы вакцина тұмауға қарсы спецификалық иммунитеттің жоғары деңгейін қалыптастырады. Вакцинациядан кейінгі қорғаныс әсері, әдетте 8-12 күннен кейін пайда болады және 12 айға дейін, оның ішінде егде жастағы пациенттерде де сақталады. Әртүрлі жастағы адамдарды вакцинацияланғандардың 75-95%-ында анықталады. Спецификалық емес профилактикаға - жеке гигиена ережелерін сақтау, қолды антисептикпен өңдеу, үй-жайларды мұқият тазалау және желдету, дәрумендер қабылдау, адамдар көп жиналатын жерлерге барған кезде бетперде тағу, теңгерімді тамақтану және салауатты өмір салтын ұстану жатады. Бүгінгі күні аудандық аурухана ға қарасты дәрігерлік амбулатория, медициналық пункттерде тұмауға қарсы екпе салу басталды,осы үшін тұмауға қарсы ауданға 2956 доза «Гриппол» вакцинасы жеткізілді. Жоспар бойынша 1766 адам тегін, 800 адам ақылы түрде екпе алады. Ағымдағы жылдың 15 қыркүйегінен бастап ауданның барлық медициналық ұйымдарында тұрғындар үшін тұмауға қарсы вакцинация науқаны басталды. Вакцинация жасаңыз және сау болыңыз!

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Хабарландыру

«Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу және оны Қазақстан Республикасының облыстары, республикалық маңызы бар қалалары, Астана арасында бөлу қағидаларына» сәйкес төмендегі үлгі бойынша ауданда орналасқан кәсіпкерлер мен шаруашылық субъектілерге 30 қыркүекке дейін өтінімдеріңізді беріңіздер. Өтінімдерді «Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі қабылдайды.

Қазақстан Республикасына
шетелдік жұмыс күшін тартуға
квота белгілеу және оны
Қазақстан Республикасының
облыстары, республикалық
маңызы бар қалалары, астанасы
арасында бөлу қағидаларына
4-қосымша

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігіне
кімнен

____
(жергілікті атқарушы органның
толық атауы)

Нысан

2023 жылға еңбекші көшіп келушілерді тарту қажеттілігіне өтінім

Ағымдағы жылы тартылатын еңбекші көшіп келушілердің саны (бірлік)	2023 жылға арналған еңбекші көшіп келушілерді тартуға қажеттілік	Қажеттіліктің негіздемесі
1	2	3

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 9, 27 баптарына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы «Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14010 тіркелген бұйрығына сәйкес:

1. «2023 жылға Ойыл ауданы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы»;

2. «2023 жылға Ойыл ауданы бойынша ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы»;

3. «2023 жылға Ойыл ауданы бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы»;

4. «2023 жылға Ойыл ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» қаулыларын дайындау үшін жоғарыда көрсетілген категорияларға арналған жұмыс орыдарына мәлімет беруләріңіз сұралады.

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның ұжымы осы мекеменің көмекші тәрбиешісі Ақерке Кекілбайқызы Ахановаға аяулы ұлы
Аянның
кенеттен қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ойыл балалар – жасөспірімдер спорт мектебінің» ұжымы мектебіміздің оқушысы, гір спортынан спорт шеберлігіне үміткер Қазақстан Республикасының спартакиадасының күміс жүлдегері
Русланұлы Аянның
қазасына орай ата анасына, бауырларына қайғырып, көңіл айтамыз.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1381 дана. Тапсырыс 1303
Көлемі 1 баспа табақ, индикс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

«ЛАТЫН ӘЛІПБИІНІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР»

Тіл адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Тілінен нәр, тарихынан тамыр ал¬маған ел ұлт болмайды. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Қазақтың барлық ұлттық құндылықтары тілінде жатыр. Бұл біздің санамыздың да, үйіміздің де төрінде тұруы керек. Тілі¬нен айырылған халық ұлттық мәде¬ниетінен де айырылады.Байрағымызда қы¬ран¬ның қос қанаты бар. Оның бірі – ана тіліміз, екіншісі – туған тарихымыз. Осы екеуі тең болмай, қыран қияға қа¬лықтай алмайды. Ендеше тіліміздің қастерлеу біздің міндетіміз деп ойлаймын. Алаш қозғалысының көшбасшыларының бірі, мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген.

Әлем қаншалықты дамыса, еліміз көштен қалмай іргелесіп соншалықты дамып келеді. Еліміздің алға қояр мәселелерінің бірден–бірі ол тіл. Бүгінгі күн тәртібіне қойылған ең өзекті, тағдыршешті мәселенің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру. Елбасымыздың Жолдауында «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиісті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз...» деп баса айтқан болатын. Расында тарихымызға үңілсек Араб әліпбиінен латынға көшірді, латын графикасын он жыл пайдаланып, орыс графикасына көшіп, Тәуелсіздік жылдары мемлекеттік тіліміз Қазақ тіліне ауыстық. Латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғырудың бір тармағы. Тарихи тамыры терең тұғырлы тілімізді түлетіп, санамызды сілкінткен, заманның өзі талап еткен бұл бастама қазіргі таңда көпшіліктің қызу талқысына түсті. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Бұл бізге таңсық дүние емес. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады.Латын әліпбиі б.з.б. VII ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. I ғасырда қалыптасқан. Орта ғасырда латын әліпбиі Еуропаға тарады. Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. «Жаңа емлені» 1912 жылдардан бастап мұсылман медреселері мен қазақ – орыс мектептерінде қолдана бастады.Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «…Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процестерінің ерекшеліктеріне байланысты…»,– деп атап көрсетті. Жаңа әліпбиге көшу арқылы тәуелсіздікті баянды етуге, өркениетті елдердің қатарына қосылуға ұмтылуы еліміздің рухани жаңғыруға елдің дайын екенін танытады. Қазіргі заманда әлемнің 21 елі латын әліпбиін қолданады. Соның ішінде Түркия, Германия, АҚШ т.б. батыс елдерінде қазақ диаспорасы әртүрлі қалыпты емес латын жазуын пайдаланады. Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Бүгінгі күні бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлемнің 70% елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда. Интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында жасалады деген ойдамыз. Латын әліпбиіне көшуде осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр.

Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білдіреді.

Қорыта айтқанда, халқымыздың мәдени даму тарихында бірнеше жазу жүйесін пайдаланғаны белгілі. Алайда қазақ халқы бастан кешкен аумалы-төкпелі заманда бұл жазу жүйелері өзінің тарихи міндетін атқарды дегенмен, бүгінгі мемлекеттік мәртебеге ие болған тіліміздің толыққанды дамуы үшін әліпбиімізді жетілдіре түсу күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналып отыр. Жазу мәдениетінің күретамыры - латын әліпбиінің болашағы зор деп ойлаймын.

АНАР МАУЛЕНОВА,
Орталық кітапхананың кітапханашысы.

АЗАМАТТЫҚ БАҚЫЛАУ - «ТҮБІРТЕКТІ ТАЛАП ЕТ» АКЦИЯСЫ

БКМ фискалды түбіртек бермегені немесе төлемді қабылдаудан бас тартқаны туралы хабарлаған тұлғаларға Төлем карталары бойынша сыйақы төленетін болады. Азаматтық бақылау – «Түбіртекті талап ет» акциясына кез келген ниет білдіруші қатыса алады. Барлық жіберген өтініштерді Мемлекеттік кірістер органдары қарайтын болады. Фискалдық чекті бермеу немесе Төлем карталары бойынша төлемді қабылдаудан бас тарту фактілері туралы App Store немесе Play Market-тен «WIPON CASHBACK» тегін мобильді қосымшасын жүктеу арқылы хабарлауға болады.

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

ОЙЫЛДЫҢ ОҚУШЫЛАРЫ БӨБЕКТЕ ДЕМАЛУДА

Ойыл ауданының бастауыш сыныптың 5 оқушысы «Бөбек» республикалық оқу-сауықтыру орталығына жолдама алды.

Лагерьде балалардың білім алуы және сауықтыру процедуралары үшін барлық жағдай жасалған. Балалар сауықтыру процедураларын алып, мектепке барады. Сондай-ақ, онда балалардың бос уақытын тиімді өткізу үшін іс-шаралар ұйымдастырылады. Сонымен қатар Қазақстандағы көрікті жерлер балалардың эстетикалық талғамын тәрбиелеу педагогикалық процестің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Өзін-өзі тану» оқу-сауықтыру кешенінде балаларға ежелгі әлемнің ең танымал жеті кереметінен бастап, заманауи ғажайыптарымен аяқталатын планетамыздың әдемі жерлерімен таныстыру сабақтары өтеді. Мұндай сабақтар балалардың әлемді білуге деген қызығушылықтарын дамытып, рухани және эстетикалық тәрбиесінің қалыптасуына ықпал етеді. Сауықтыру бағдарламасында климатотерапия, жаяу жүріспен емдеу, фитотерапия, сауықтыру массажы, физиотерапия, шунгитотерапия, ванналар, тұз шахтасы, криомассаж, емдеу-профилактикалық 6 – бір реттік теңестірілген тамақтану, емдік дене шынықтыру, спорттық іс-шаралары бар. Педиатр дәрігерлер әр баланың жасын, физикалық және психоэмоционалды жағдайын ескере отырып, жеке сауықтыру бағдарламасын жасайды.

Сондай-ақ, балалардың сауықтыру демалысы мектеп бағдарламасына сәйкес оқумен, үйірмелермен және экскурсиялармен қамтылған.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ТАЗАЛЫҚ - МӘДЕНИЕТТІҢ ӨЛШЕМІ

Жасыратыны жоқ ұзақ өмір сүру барша адамның арманы. Ал, ол үшін әрине адамның тәні де, жаны да сау болғаны жөн. Сырт келбеттің тазалығы сені ортада әдемі етіп көрсетсе, жан-дүниеңнің тазалығы адамдар арасындағы абыройыңды жоғарылатады. Ал, тазалық мәселесіне келетін болсақ, адамның сырт-келбетінен бөлек қоршаған ортаның тазалығының бар екенін ұмытпағанымыз жөн.

«Тазалық табалдырықтан басталады» - дейді халқымыз. Ауланы ретке келтіріп, ұқыпты ұстау санитарлық талап қана емес, мәдениет пен талғамның белгісі. Сол себепті де жылда күз бен көктем мезгілдерінде ауданымызда «Тазалық айлығы» өткізіліп тұрады.Тазалық жұмыстары нәтижесінде көше және қоғамдық орындардан жалпы мөлшері 51 тоннадан астам күл-қоқыс шығарылған, сонымен бірге ауданы 8,5 гектар болатын 12 саябақ тазартылды. Көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, 25 дана көшет отырғызылды, қураған ағаштарды кесу және тазалау жұмыстары өтті. Жалпы тазалық жұмысына 359 адам, 18 техника жұмылдырылды. Тазалық ережелерін сақтамаған жеке және заңды тұлғаларға ескерту берілді.

Аудан келбеті тек сәнді де, сәулетті үйлермен, жасыл желекті саябақтармен өлшенбейді. Күн сайын көркейіп келе жатқан ауданымыздың ажары оның тазалығына да байланысты. Мәселен, дамыған шетелдерде тазалық мәселесі түбегейлі шешімін тапқан. Сингапур мен Малайзияның тұрғындары бұл жағына өте ұқыпты. Егер көшеге адам темекі тұқылын тастаса, 200 АҚШ доллары көлемінде айыппұл төлейді. Сондай-ақ, Германияда тазалықты таңнан кешке дейін комиссарлар қадағалайды. Ережеге бағынбайтындарға заң қатал. Бұл елде әрбір қадам сайын арнайы қоқыс жәшіктері қойылған. Темекіге, бөтелкеге, сағыз, шемішкеге арналған ыдыстар бар. Ал, Швейцария әлемнің таза мекені деп есептеледі. Өйткені қала ғана емес, кішкентай елді-мекендер де мұнтаздай. Бұл заң бәріне қатысты.

Әрине біздің Ойыл ауданы тазалық мәселесінде әзірге Швейцариямен теңесе алмас. Дегенмен Швейцария да бүгінгідей жағдайға бірден жете қойған жоқ. Ендеше, ауданымызды қызыға да, қызғана да қарайтындай дәрежеге жеткізу үшін айналаны таза ұстау қажет екенін ұмытпағанымыз жөн.

МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНЫҢ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДАҒА РӨЛІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ ЖОЛДАУЫ АЯСЫНДА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША «МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» АҚ ФИЛИАЛ ДИРЕКТОРЫ ӨТЕГЕН ЖҰМАБАЙҰЛЫ ҮРКІМБАЕВПЕН СҰХБАТТАСҚАН БОЛАТЫНБЫЗ.

- Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры балалы отбасыларды әлеуметтік қолдауда қандай рөл атқарады?

- Қазақстанда балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау ата-аналардың жұмыспен қамтылуына байланысты мемлекеттік бюджет және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (МӘСҚ) қаражаты есебінен кешенді түрде көрсетіледі.

Бүгінде бала туған кезде ата-аналардың бірі еңбек қызметін жүзеге асыруына қарамастан, бала туғанда берілетін мемлекеттік жәрдемақыны бюджеттен алады, оның мөлшері бірінші, екінші, үшінші балаға–38 АЕК-ті, ал төртінші және одан көп балаға–63 АЕК-ті құрайды.

Сонымен қатар, жұмыс істемейтін аналар бюджеттен бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны алады, оның мөлшері баланың туу кезектілігіне байланысты болады.

Жұмыс істейтін әйелдерге келетін болсақ, олардың мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстанда 2008 жылдан бастап ана мен баланы әлеуметтік сақтандыру енгізілді.

ҚР Еңбек кодексіне сәйкес әйелдерге жүктілігі және босануы бойынша жұмыс орнынан демалыс беріледі. Осындай демалысты рәсімдегеннен кейін болашақ ана жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда МӘСҚ-дан әлеуметтік төлем алуға өтініш береді.

Бұл төлемнің мөлшері демалыстың алдындағы соңғы жылдағы әлеуметтік аударымдар аударылған орташа айлық табысына байланысты болады. Биылғы жылы мұндай төлемді Ақтөбе облысы бойынша барлығы 6562,0 млн. теңге, 9277 жуық әйел алды.

Бала туғаннан кейін ата-аналардың бірі МӘСҚ-дан бір жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты табысынан айырылуы жағдайына төленетін әлеуметтік төлемге жүгіне алады. Төлем мөлшері баланың туған күніне дейінгі соңғы 2 жылдағы орташа айлық табыстың 40 %-ын құрайды.

Ағымдағы жылы мұндай төлемді Ақтөбе облысы бойынша барлығы 492,6 млн. теңге мөлшерінде 11661 адам алды. Осылайша, жұмыс істейтін ата-аналар жұмыссыздарға қарағанда әлеуметтік төлемдерді көбірек алады.

- Мемлекет басшысының биылғы (2022 жылғы 1 қыркүйек) Жолдауындабала күтіміне төленетін төлем кезеңін бір жастан бір жарым жасқа дейін ұлғайту көзделген. Осы төлем бойынша қандай өзгерістер күтіліп отырғанын толығырақ айтып берсеңіз?

- Аналарды әлеуметтік қолдау деңгейін арттыру үшін 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі бойынша әлеуметтік төлем тағайындау кезеңі бір жастан бір жарым жасқа дейін ұлғайтылатын болады.

Бұл ретте, бала туғанға дейінгі соңғы 24 ай ішінде кемінде 6 ай әлеуметтік аударымдар түскен адамдарға МӘСҚ-дан төлем тағайындалатын болады. Талап етілетін еңбек өтілінің ең төменгі деңгейі - 6 ай болмаған қатысушыларға бюджеттен бір жарым жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемақы тағайындалады.

Сондай-ақ, еңбек қызметін қайта жалғастырған жағдайда әлеуметтік төлем тоқтамайды, керісінше сол сияқты мемлекеттік жәрдемақы мөлшері деңгейінде жалғасады деп көзделуде.

Осы ретте қоса айта кететін өзгеріс МӘСҚ-нан жарна төлеген азаматтар үшін жұмысынан айрылған кезде әлеуметтік төлемдер мөлшері орташа айлық табыстың 40%-нан 45%-ға дейін ұлғайтылады.

- Президент Жолдауында цифрлық отбасы картасы да жарияланды. Бұл туралы нақты айтып бере аласыз ба?

- Баласы бар отбасы үшін, әрине, алаңдаушылықтар көп. Мемлекеттік органдардың цифрлық технологияларды дамытуы және әлеуметтік төлемдерді тағайындау процестерін автоматтандыруы мемлекеттік қызметтердің сапасы мен халық үшін қолжетімділігін арттыру мақсатында оларды көрсету процестерін оңтайландыруға мүмкіндік берді.

Мәселен, электронды қызметтер көрсету қарқынды дамуда. Мысалы, жүктілік және босану бойынша төлем алу үшін egov.kz порталы арқылы, ал бір жасқа дейінгі бала күтімі үшін төлем egov.kz порталы арқылы немесе екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы жүгінуге болады.

Әсіресе, азаматтарға өтініш бермей ақ, проактивті форматта көрсетілетін қызметтер сұранысқа ие болуда, ол үшін қызметті алу құқығын іске асыруға келіп түскен смс-хабарламаға өз жауабын-келісімін берсе жеткілікті.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап пилоттық режимде Отбасының цифрлық картасын енгізу басталды.

Іс жүзінде Карта - бұл әлеуметтік мәртебесіне байланысты, кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алу құқықтары туралы ақпарат беретін азаматтардың күн сайынғы «электрондық жаршысы».Бұл көрсетілетін мемлекеттік қызметтің проактивті форматының жаңа құралы. Яғни, мемлекет ақпараттық жүйе арқылы азаматқа тиісті органдарға жүгінбей-ақ мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуды өзі ұсынатын болады.

Бұл бүгінгі таңда өңірдің және тұтастай елдің әлеуметтік портретін қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге халықты әлеуметтік қорғау шараларын іске асыруға бағытталған мемлекеттік бюджет пен МӘСҚ қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте тұрғындар Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы да дәстүрлі әдіспен төлем алуға өтініш білдіре алады.

Сұхбаттасқан
СЕРІКБАЙ ҚОЙБАҒАРОВ.

СОТҚА ҚҰРМЕТТЕМЕУШІЛІК БІЛДІРУ ЖӘНЕ СОТ АКТІСІН ОРЫНДАМАУДА ТАҒАЙЫНДАЛАТЫН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТҮРЛЕРІ

Сот мәжілісіне қатысушылардың және өзге де адамдардың қатысуынсыз соттың істі одан әрі қарауы мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың шақыру қағазы, хабарлау, хабардар ету немесе шақыру бойынша сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзудан көрінген әрекеттер сотты құрметтемеушілік деп танылады.

Егерде сотқа құрметтемеушілік білдіру орын алған жағдайда Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 653-бабы бойынша жауаптылықта болады. Яғни, ескерту жасауға не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Сонымен қатар,әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер - отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Егер сот мәжілісінде тәртіп бұзушының әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болса, аталған тұлға қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 653 бабының(Сотты құрметтемеушілік) мақсаты тұлғалардың бұзылған немесе даулы құқықтарын қорғау және заңдылықты сақтау, дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қоғамда заңға және сотқа құрметпен карауды қалыптастыру табылады.

Сонымен қатар, сот үкімі, сот шешімі немесе өзге де сот актісі және атқарушылық құжаты заңды күшіне енген соң орындалуға жатады.

Егерде заңды күшіне еңген сот актісі орындалмаса жеке тұлғаларға - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, лауазымды адамдарға, жекеше нотариустерге, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға - отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Сотқа құрметтемеушілік білдіру фактісі бойынша жауапкершілік әрекеттерін сот баршаның сот алдында теңдігімен конституциялық қағидатын және сот төрелігінің міндеттерін іске асыру мақсатында қолданады. Заңмен тәртіпке бағынған құл болмайды. Сондықтан, заң талаптарын сақтап, заңға бағынған жөн.

Ж.МАЙЖАНОВ,
Ойыл аудандық сотының аға сот приставы.